

Шоп жарған жеңімпаздардың жаттықтырушысы



Арқалық аймақтық мемлекеттік архивінде еліміздің дамуына үлкен үлес қосқан азаматтарымыз бен азаматшаларымыздың көрнекті ақын-жазушылары, мәдениет қайраткерлері, атақты ғалымдар, ұстаздар, дәрігерлер, Ұлы Отан соғысы ардагерлері және тағы басқа еңбек сіңірген тұлғалардың жеке тектік құжаттары сақтаулы. Солардың бірі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, бірнеше дүркін балуан баулаған бапкер Сарыбаев Абай Қанатқанұлы 55 жасқа толып отыр.

Сарыбаев Абай Қанатқанұлы Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы берілген. 2004 жылы осыған қосымша жоғарғы санаттағы категория



Мектеп бітіргеннен кейін әкесінің қалауымен 1978 жылы Арқалық педагогикалық институтына түсіп, 1982 жылы Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының физика мамандығы бойынша бітірген. 2004 жылы Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жоғары білім негізінде жеделдетілген дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша толық курсын бітірген. 1997 жылы Қазақстан Республикасы туризм және спорт Министрлігінің № 63 куәлігімен Қазақстан

берілген. 2011 жылы Қазақстан Республикасы туризм және спорт Министрлігі № 1421 куәлігімен «Дене шынықтыру мен спортты

дамытуға қосқан үлесі үшін» атағы берілген. 2000 жылы Қазақ теледидарының қоғамдық кеңесінің шешімімен қазақ мемлекетігін нығайтуға қосқан үлесі үшін «Жыл адам» деп танылған. 2011 жылы Арқалық қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін «Жыл адамы» атағы берілген. 2012 жылы Арқалық қаласы спортының дамуына қосқан зор үлесі үшін «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атағы берілген және көптеген алғы хаттармен марапаттардың иесі. Сарыбаев Абай Қанатқанұлының алғашқы жаттықтырушысы Аркадий Львович Кан Абайдың спортқа деген қабілетін көріп, оған самбонның сан – алуан әдістерін үйреткен. Торғай облысының самбошыларының Республикаға таныта білген. Арқалық қаласының балалар мен жасөспірімдер мектебінде дзюдо мен қазақ күресінің жаттықтырушы болып істейді. Еңбегі жанған жаттықтырушы бірнеше ұрпақты дзюдодистерді және қазақ күресі өкілдерін дайындап шығарған. Ең алғашқы даярлап шығарған чемпионы Республикалық жарыста жүлдегер атанған Игорь Вакаренко, кейін Бақти-

яр Кенсейлов бірінші орын, Абзал Сейтепов екінші орынға қол жеткізген.

Самбо бойынша кейінгі толқан топ жарғаны, Мәскеуде өткен халықаралық дәрежелі спорт шебері атағының иегері, Азия чемпионы әлем клубының жүлдегері және Қазақстан Республикасы бойынша чемпион – Мұрат Кенгонов, Азияның екі дүркін чемпионы, самбо бойынша әлем кубогының иегері, дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионы - Айдар Нығметов, Қазақстан Республикасының дзюдодан және қазақ күресінің чемпионы, бірінші қазақстандық спартакиадаың жүлдегері – Рүстем Шалабаев, Қазақ күресі бойынша екі дүркін әлем чемпионы - Еске Ерлан, Парижде өткен әлем чемпионының қатысушысы, Дзюдодан жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионы – Шілдебаев Наурызбай, сонымен қатар Арқалықтың самбо мектебінің абыройын асқақтатқан қыз балалар арасынан жүлдені орынға ие болған: Сауле Ғабдулина, Махаббат Закирова, Мағрипа Әбішова, Жұлдыз Айтмағанбетова,



Қарлығаш Әжімова, Тулшат Сыдықова, Айдана Мұсабаевалар т.б. Барлығы 1- Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спорт шебері, 6- халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 44- Қазақстан Республикасының спорт шеберлерін дайындаған. Қазіргі таңда Сарыбаев Абай Қанатқанұлы талай топ жарған жеңімпаз балуандарды баулаған бапкер жаттықтырушы. Сарыбаев Абай Қанатқанұлының өмірбаяны, куәліктері, сертификаттары, мақтау қағаздары, газетке жазылған мақалалары, фотосуреттері архивте тұрақты сақтаулы.

А.НУРЕКИНА,
Арқалық аймақтық мемлекеттік архивінің жоғарғы санаттағы архивісі.